23. Эмитенттің қызметіндегі жалпы үрдістерді, оның ішінде эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша қысқаша сипаттау.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің негізгі бағыттары:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендірудің және қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу саласында жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы ұйымдарына лизингтік негізде техника мен технологиялық жабдықтар беру;

3) ауыл шаруашылығы секторына өз қаражаттары, сондай-ақ тартылатын инвестициялар есебінен несиелендіру арқылы көмек көрсету;

4) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мүлкінің кепілдіктерімен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру үшін екінші деңгейдегі банктерге кепілдіктер беру.

**Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендірудің және**

қаржылық қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу.

Қазақстанның лизингтік секторы соңғы жылдары, «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енген күннен бастап белсенді дами бастады.

Осы уақыт ішінде лизинг әр түрлі салаларда жұмыс істейтін компаниялардың өндірістік қорын жаңарту үшін тиімді қаржы құралы болып танылды.

Нақ осыларға байланысты көптеген банктер лизингті жаңа қаржы құралы ретінде қарастыра бастады және оны тиімді пайдалану үшін еншілес лизингтік компанияларды құруға кірісті.

2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 05.02.2002 жылғы № 889 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік азық-түлік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның қаржылық капиталын ұлғайтуға 8 950 000 мың теңге бөлінді.

Жобалардың атауы	Техникалар саны, бірлік	Жобаның сомасы, млн. теңге
<b>2005 жылы Компанияның қаржылық капиталын ұлғайтуға арналған бюджеттік инвестициялардың бағытталуы:</b>		
ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу және кейіннен қаржы лизингіне беру (комбайндар, тракторлар, егістік кешендері, тұқым сепкіштер және т.б.);	1114	5 950
мақсатты инвестициялық несиелер арқылы машина-технологиялық станцияларын техникалық жаратандыру;	465	2 000
ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жабдықтарды сатып алу және кейіннен қаржы лизингіне беру	7	1 000

Компания 2005 жылы Қазақстанның әр түрлі облыстарында жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы 11 машина-технологиялық станциясын (сервис-орталықтарды) құруды қамтамасыз етті және олардың қызметін ұзақ мерзімді қаржыландыруды (несиелендіруді) жүзеге асырды.

Құрылған машина-технологиялық станцияларды 2005 жылы қаржыландыру облыстар бойынша мынадай көлемдерде мақсатты инвестициялық несиелерді беру арқылы жүзеге асырылды.



№	Облыс	Несие сомасы, млн. тенге
1	Шығыс Қазақстан	200
2	Павлодар	150
3	Павлодар	50
4	Ақтөбе	200
5	Батыс Қазақстан	200
6	Қарағанды	200
7	Қостанай	200
8	Солтүстік Қазақстан	200
9	Жамбыл	200
10	Жамбыл	100
11	Ақмола	200

Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасын іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде Компания республиканың әр түрлі өңірлерінде 25 машина-технологиялық станциясын (сервис-орталықтарын) құрды және оларды қаржыландырды.

### 2003-2005 жылдары құрылған машина-технологиялық станциялары



Барлық құрылған МТС-дегі қатысу үлесі «ҚазАгроҚаржы» АҚ үшінші тұлғаға сатылды. Облигацияларды шығарудың проспектісінің мерзіміне қарай «ҚазАгроҚаржы» АҚ МТС-дің қатысушысы болып табылмайды.

2006 жылға арналған «Ауыл шаруашылығын институционалдық дамыту» 043 бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі №310 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» Қаулысына сәйкес «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ына республикалық бюджеттен 7 000 млн. теңге, оның ішінде:

1) 500 млн. теңге – кейіннен лизингке беру үшін технологиялық жабдықты және арнайы техниканы сатып алу мақсатына;

2) 1 500 млн. теңге – ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру мақсатында;

3) 5 000 млн. теңге – кейіннен лизингке беру үшін ауылшаруашылығы техникасын сатып алу мақсатында бөлінді.

2006 жылы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу мақсатына «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ына бөлінген 5 000 млн. теңге мөлшеріндегі ақша қаражатын игеру:

	Жеткізушінің атауы	Тауардың атауы және саны	Келісім-шарттың сомасы, теңге
1	«CANAM ENGINES GmbH» компаниясы	43 бірлік мөлшеріндегі егістік кешендері	1 503 803 848
2	«IP Consult (International) Limited» компаниясы	26 бірлік мөлшеріндегі кең ауқымды егістік кешендері	1 056 548 903
3	CanAgro Exports Inc. компаниясы	14 бірлік мөлшеріндегі егістік кешендері	483 089 762
4	«Минск трактор зауыты» республикалық бірегей кәсіпорны (Минск қаласы, Беларусь Республикасы)	210 бірлік мөлшеріндегі "Белорус" тракторлары	479 238 396
5	«Агро-Союз» Өндірістік бірлестігі АБҚ	5 бірлік мөлшеріндегі егістік кешендері	182 324 761

6	«Сибсельмаш» (Новосибирск қаласы, РФ) ААҚ-ы ҒӨБ	6 бірлік мөлшеріндегі астық тыңайтқыш сығымдағыш сепкіштер	17 018 106
7	«Ростсельмаш» (Дондағы Ростов қаласы, РФ) АБҚ комбайн зауыты	102 бірлік мөлшеріндегі «Нива-Эффект» маркалы астық жинайтын комбайндар	598 098 274
8	«Ростсельмаш» АБҚ комбайн зауыты	50 бірлік мөлшеріндегі комбайндар	697 617 813
9	«Ростсельмаш» АБҚ комбайн зауыты	83 бірлік мөлшеріндегі комбайндар	837 915 295
10	«Агросиблизинг» лизинг компаниясы ЖАҚ-ы (Новосибирск қаласы, РФ)	26 бірлік мөлшеріндегі күнбағыс жинауға арналған тетіктер	30 288 657
11	«Агромашхолдинг» ААҚ-ы (РФ)	28 бірлік мөлшеріндегі "Енисей-1200PM" күріш астық жинайтын өздігінен жүретін комбайндар	200 324 675
12	«AGROTEC GmbH Co.» KG компаниясы (Мух қаласы, Германия)	2 бірлік мөлшеріндегі UF Special Amazone аспалы егістік бүріккіші	2 044 440
	<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>техниканың 701 бірлігі</b>	<b>6 088 312 930</b>

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу саласында жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы ұйымдарына лизингтік негізде техника мен технологиялық жабдықтарды беру.

1 500 млн. теңге соманы игеру шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жабдықтарды бөлу.

Қаржыландыру түрі	Жабдық	Облыс	Жасасылған шарт бойынша қаржыландырудың жалпы сомасы, теңге
Максатты несие	Құсты сою және қайта өңдеу жөніндегі желі, 4 мың бас/сағат, Нидерланды	Шығыс Қазақстан	155 170 738

Мақсатты несиесі	Сүтті қайта өңдеу жөніндегі жабдық, Ресей	Қарағанды	23 747 053
Мақсатты несиесі	Балмұздақ өндіру жөніндегі желі, 500л/сағат, Италия	Ақтөбе	56 898 293
Мақсатты несиесі	Консерві, папшет, шұжық бұйымдарын өндіру жөніндегі, мал сою жөніндегі желілер "ЕУРО СЫНЬП", Италия	Жамбыл	142 960 381
Мақсатты несиесі	Құс өсіру үшін құрама жемдерді дайындауға арналған жабдық, өнімділігі 4-5т/сағат, Германия	Солтүстік Қазақстан	17 217 947
Мақсатты несиесі	Күрішті қайта өңдеу жөніндегі желі, 5т/ауысым, Қытай	Қызылорда	39 006 520
Мақсатты несиесі	Етті қайта өңдеуге арналған жабдық. Ет консервілерін өндіру жөніндегі желі, Германия	Жамбыл	93 585 000
Лизинг	Күрішті қайта өңдеу жөніндегі желі, 5,5 т/ауысым, Корея	Қызылорда	64 623 000
Лизинг	Сүт қайта өңдеу жөніндегі желілер, 5т/ауысым, Ресей	Оңтүстік Қазақстан	32 900 235
Лизинг	Шұжық өндіру жөніндегі желі, Австрия	Батыс Қазақстан	64 340 000
Лизинг	Шұжық жабдығы, "Шаллер", Австрия	Солтүстік Қазақстан	38 429 150
Лизинг	Түйе сүтін қайта өңдеу жөніндегі шағын-зауыт, "ТЕССА", Израиль	Атырау	39 633 916
Лизинг	Шұжық өндіру жөніндегі желі, 5 т/ауысым, Австрия	Ақмола	140 563 680
Лизинг	Микротолқындық кептіру әдісімен көкөністерді қайта өңдеу жөніндегі желі	Шығыс Қазақстан	75 451 985
	<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>		<b>984 527 898</b>

АӨК субъектілері үшін арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға бағытталған 500 млн. теңгені игеру шеңберінде 392 млн. теңге жалпы сомасына, олардың ішінде мал шаруашылығы субъектілері үшін 149 млн. теңге сомасына немесе жалпы соманың 38 %-на және өсімдік шаруашылықтары үшін 242 млн. теңгеге әр түрлі 151 бірліктегі техника мен жабдық сатып алынды.

500 млн. теңге соманы игеру шеңберінде арнайы техниканы бөлу:

Техника	Лизинг алушылардың саны	Техниканың саны	Шарттар бойынша жалпы құны, теңге
«Petkus» астық тазалайтын техникасы	3	3	74 511 354
ГП тырнауыштары	7	7	1 502 515
«Гримме» картон өңдеуге арналған техникасы	5	14	103 747 827
«Елочка» үлгісіндегі сауын залы	1	1	21 771 034
КДС шалғысы	31	49	16 638 783
КСК комбайны	1	1	7 000 000
МС астық тазалағышы	1	2	3 876 800
ОВС астық тазалағышы	6	9	18 412 242
ПЗМ астық лақтырғышы	4	5	4 075 769
ПРФ пішен тайлаушы	27	32	30 797 775
ПС тиеуіші	24	26	13 860 000
Шошқа бордақылау жөніндегі кешен	1	1	48 496 042
Мекиен тауықтарды бағуға арналған торланған жабдық	1	1	47 503 353
<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>112</b>	<b>151</b>	<b>392 193 494</b>

Ауыл шаруашылығы секторына меншік қаражаты, сондай-ақ несиелендіру арқылы тартылатын инвестициялар есебінен көмек көрсету.

2004 және 2006 жылдары меншік қаражаты есебінен лизинг және несиелендіру бойынша «ҚазАгроҚаржы» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ақпарат.

Бағдарлама	Шарт мерзімі, жыл	Сыйақы мөлшерлемесі, %	Игерілгені, мың. теңге
<b>Қаржы лизингі шарттарымен қаржыландыру бағдарламасы</b>			
<b>2006 жыл</b>			
МТЗ тракторлары	5	6	487 133
«Кейс», «Бюллер+Хорш» егістік кешендері	5	6	278 020
ХТЗ тракторлары	5	6	352 702
«Ростсельмаш» өндірісінің комбайндары	5	6	685 783

Технологиялық жабдыктар	5	6	67 565
Баска да техника	5	6	26 414
<b>2006 жылға жиынтығы</b>			<b>1 897 617</b>
<b>2005 жыл</b>			
Алыс шетел өндірісінің егістік кешендері	5	6	813 421
«Ростсельмаш» ААҚ-ы өндірісінің комбайндары	5	6	778 593
<b>2005 жылға жиынтығы</b>			<b>1 592 014</b>
<b>2004 жыл</b>			
ХТЗ тракторларының коммерциялық лизингі	5	6	457 914
«Нива» және «Дон» комбайндарының коммерциялық лизингі	5	6	121 603
«КЛАСС» комбайндарының коммерциялық лизингі	5	6	26 964
<b>2004 жылға жиынтығы</b>			<b>606 481</b>
Лизинг бойынша жиынтығы	-	-	<b>4 096 112</b>
<b>Техникалар, жабдыктар сатып алуда мақсатты несиелендіру бойынша және айналым қаражаттарын толықтыруға арналған бағдарлама</b>			
<b>2006 жыл</b>			
Алыс шет елдер өндірісінің техникасы	5	6	391 536
«Ростсельмаш» ААҚ-ы өндірісінің комбайндары	6	6	294 729
«КАМАЗ» автомашиналары	2,5	6	47 300
Айналым қаражаттарын толықтыруға несиелер	12 айға дейін	7	787 090
<b>Жиынтығы 2006 жылға</b>			<b>1 520 655</b>
<b>2005 жыл</b>			
Алыс шет елдер өндірісінің техникасы	5	6	1 528 068
Енисей комбайндары	5	6	79 153
«Ростсельмаш» ААҚ-ы өндірісінің комбайндары	5	6	260 225
«КАМАЗ» автомашиналары	2,5	6	36 295
Технологиялық жабдық	5	6	34 408
Айналым қаражаттарын толықтыруға несиелер	1	7	50 000
<b>2005 жылға жиынтығы</b>			<b>1 988 149</b>
<b>2004 жыл</b>			
«КАМАЗ» маркалы автомобильдер сатып алу үшін	2,5	6	379 045
«Азия Алтын-2000» ЖШС	4	6	250 000

коммерциялық МТС-терді несиелендіру			
Алыс шет елдер техникасын сатып алуды несиелендіру	2,5	6	800 000
<b>2004 жылға жиынтығы</b>			<b>1 429 045</b>
<b>Барлығы несиелендіру бойынша</b>	-	-	<b>4 937 849</b>
<b>Барлығы несиелендіру және лизинг бойынша</b>	-	-	<b>9 033 961</b>

Берілген деректерден Қоғам уақытша еркін ақша қаражаты есебінен шетел өндірісінің техникасын, технологиялық жабдықтар сатып алуға ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру және лизинг шарттарымен қаржыландыру жөніндегі бірқатар бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асырғанын, сондай-ақ айналым қаражаттарын толықтыруға мақсатты несиелер берілгенін байқауға болады. Үш жыл ішінде жалпы көлемде 9 033 961 мың теңге, олардың ішінде 4 096 112 мың теңге қаржы лизингін беру шеңберінде және 4 937 849 мың теңге техника сатып алуды несиелендіру шеңберінде бөлінді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ өз бағдарламаларын іске асыруда бөлінген бюджеттік және уақытша еркін меншік қаражаттарымен шектелмейді. 2005 жылы экспорттық несиелендіру бағдарламасы бойынша «Rabobank International» және «Bank Gesellschaft Berlin AG» банктері берген несиелер арқылы 597 784 мың теңге жалпы сомасына 23 «Case» және «CLAAS» астық жинайтын комбайндарын сатып алу қаржыландырылды.

Сөйтіп, 2005 жылы лизингке 1280 бірліктегі ауыл шаруашылығы техникасы, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша 7 технологиялық желі лизингке орналастырылды, шарттардың саны – 746-ға, лизинг алушылардың саны 379-ға жетті. Несие шарттары бойынша 195 бірліктегі техниканы сатып алу қаржыландырылды. Егер өткен жылдары бюджет қаражаттарының кеш бөлінуі себепті «ҚазАгроҚаржы» АҚ өткен жылдары негізінен астық жинайтын техниканы қаржыландыруды жүзеге асырса, 2005 жылдан бастап жоғарғы өнімді егіс және тұқым тазалайтын техника импортына ерекше көңіл бөлінді, сонымен «ҚазАгроҚаржы» АҚ жұмыстың астықты себуден бастап, жинау, тазарту және сұрыптауға дейінгі толық циклын жүзеге асыру үшін қажетті техниканың барлық спектрін сатып алды.

Осыған байланысты 2006 жылдың көктемгі егіс жұмыстарына дейін «ҚазАгроҚаржы» АҚ екі жыл ішінде алыс шетел өндірісінің 262 өнімділігі жоғары себу кешені сатып алынды. Олармен барлығы 656 000 га астам алаңға тұқым себілді және 215 000 га астам алаңда культивация жүргізілді. Аталған техника ауылдаға еңбектің өнімділігін елеулі түрде көтеруге және отандық тауар өндірушілердің бәсекелесуге қабілеттілігін және егін шаруашылығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2006 жылдың басында «ABN Amro Bank» несиесі арқылы жалпы 880 млн. теңгеге жуық сомаға құрамында «CASE» тракторы мен «Flexi-Coil» тұқым сепкіш-культиваторы бар жоғары өнімді 22 егіс кешенін сатып алуды қаржыландырды. «NATEXIS BANQUES POPULAIRES» несиесі арқылы жалпы 386 млн. теңге жалпы сомасына өнімділігі тәулігіне 120 тонна болатын «Rossi&Catelli» Италия компаниясы өндірісінің томат пастасы мен жеміс пюресін өндіретін желісін сатып алу қаржыландырылды.

### Жылдар бөлінісіндегі несиеленушілер мен шарттардың саны туралы ақпарат

Атауы	Жылдар						
	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006
Несие алушылардың саны (өспелі жиынтығымен)	65	238	302	415	721	1249	1712
Шарттардың саны (өспелі жиынтығымен)	68	327	458	684	1302	2029	2689
Жеткізілген техниканың саны	2149	1025	222	809	1284	1460	1251

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның қызметі туралы келтірілген деректер компанияның жылдан-жылға серпінді түрде дамып келе жатқанын көрсетеді, бұл ретте 2004-2006 жылдары несиеленушілер мен шарттар санының айтарлықтай өскені байқалады.

### «ҚазАгроҚаржы» АҚ қамтыған республика аудандары туралы ақпарат

Облыс	Облыстағы аудандар саны	Қамтылған әкімшілік аудандар саны
Ақмола	20	20
Ақтобе	12	12
Алматы	16	16
Атырау	7	7
Шығыс Қазақстан	15	15
Жамбыл	10	10
Батыс Қазақстан	12	11
Қарағанды	9	8
Қостанай	16	15
Қызылорда	7	7
Манғыстау	5	0



Павлодар	10	10
Солтүстік Қазақстан облысы	13	13
Оңтүстік Қазақстан облысы	11	11
Республиканың 13 облысы бойынша жиынтық	158	150

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне несие беру үшін екінші деңгейдегі банктерге ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мүлкін кепілге салу арқылы кепілдіктер беру.

Қаржы секторындағы жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, «ҚазАгроҚаржы» АҚ клиенттерінің бүгінгі таңда екінші деңгейдегі банктер көрсететін қаржы қызметінің өзге де түрлерін қажет етіп отыр. «ҚазАгроҚаржы» АҚ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бола отырып, өзі көрсететін қызмет аясын кеңейтуге мүкіндігі мен қажетті әлеуеті бар.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның негізгі несие алушылары республиканың астық себетін өңірлерінің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері болып табылады, олардың көпшілігі астық сатып алуды көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы астық сатып алуға қатысу талаптарының бірі ықтимал сатып алушының екінші деңгейдегі банк кепілдігін табыс етуі болып табылады.

Компанияның клиенттері және басқа да ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қажетті құралдар: тұқым, жанар-жағар май, химиялық тыңайтқыштар, гербицидтер, косалқы бөлшектер және басқа да ТМҚ алу кезінде өздеріне тиісті кепілдіктер берілуіне қатты мұқтаж.


Компанияның қызмет көрсету аясын кеңейту бағыттарының бірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін кепілдіктер шығару болып табылады.

#### Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер


Қазіргі кезде республикада 19-ға жуық лизингтік компаниялар жұмыс істейді, олардың 12-сі банктердің қарамағында.

Егер лизингтік компанияларды қаржы көрсеткіштері бойынша салыстырсақ, 2006 жылдың басындағы жағдай бойынша мынадай деректер келтіруге болады:

### а) Жарғы капиталы



### б) Активтер



Ескерту: 2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның жарғы капиталы – 21 825 591 мың теңге, ал активтері 33 066 640 мың теңге болды.

Төменде негізгі лизингтік компаниялар талаптарының арасындағы айырмашылықтар көрсетілген.

Лизингтік компаниялар	Лизинг мәмілесінің валютасы	Лизингтің мерзімі	Аванстың Мөлшері	Объект құнынан %-ке шаққандағы қамтамасыз етілуі	% мөлшер леме
«ҚазАгроҚаржы»	теңге	7 жылға дейін	10-15 %	Алдағы жылдық төлем сомасына	4 %
«Альфа-Лизинг»	теңге индекстеумен	3 -5 жыл	30 %-ға дейін	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	12-18 %
«Альянс-Лизинг»	теңге	1-7 жыл	10-50%	Талап етілмейді	8-14 %
«АТФ Лизинг»	теңге, ЕАВ	3 -5 жыл	20%	Лизинг құнынан 30-70% (тұрақсыз қаржы жағдайында )	12-14 %
«БТА Лизинг»	теңге, ЕАВ	3- 7 жыл	10-30%	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	14-23 %
«Нұр-Инвест»	теңге, ЕАВ	3 -7 жыл	10-30%	Алғашқы жарна болмаған жағдайда – қосымша қамтамасыз ету объект құнынан кем дегенде 30%	13 %-тен бастап
«Темір Лизинг»	теңге	5 жылға дейін	15-30%	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	16-23%
«Халық Лизингі»	теңге, ЕАВ	3-5 жыл	20%-ке дейін	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	16 %
«Орталық Лизинг»	теңге	3-7 жыл	30%-ке дейін	Талап етілмейді	20-24 %
«Цесна банк»	теңге	3 -5 жыл	10-30%	Талап етілмейді	9-10 %
«АстанаҚаржы»	теңге	3-7 жыл	15 %	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	10 %
«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры»	теңге	6 - 60 ай	30 %-ке дейін	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	12 %
«Астық лизинг компаниясы»	теңге	3-8 жыл	Аванссыз	Әрбір жекелеген жағдайда қаралады	12,5%

Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық және орташа дүниежүзілік, егер бұл мүмкін болса, көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы

Республикамыздағы лизингтік операциялардың неғұрлым көп үлесі қазіргі заманғы жаңа және жоғары технологиялық техника мен жабдықтарды қажет ететін АӨК секторына келеді.

Кестеде көрсетілгендей, «ҚазАгроҚаржы» АҚ лизинг саласындағы қаржы операцияларының едәуір үлесіне, яғни, 40 %-ына ие болып отыр.

Компанияның артықшылықтарының бірі пайыз мөлшерлемелерінің төмендігі, лизинг мерзімінің ұзақтығы, сондай-ақ филиалдары мен өкілдіктері жүйесінің кең таралғандығы болып табылады.


«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның АӨК саласы үшін лизинг нысаналарының ассортименті кең. Қазіргі кезеңде Қазақстанда лизингтік қызметтердің жалпы көлемінде ауыл шаруашылығы техникасымен жүргізілетін операциялар бірінші орын алады, олардың үлес салмағы – 45% (жылжымайтын мүлік және мүлік кешені – 9,4 %, жүк автокөлігі – 5,8% және өндіріс саласы – 5,2%).

Облыстар бөлінісінде лизинг операцияларынан түсетін ақшалай түсімдердің көп бөлігі мыналарға келеді: Ақмола облысы – 5,544 млрд. теңге, Алматы облысы – 4,044 млрд.теңге, Қарағанды облысы – 2,7 млрд. теңге және Қостанай облысы – 2,1 млрд.теңге.

Лизингке берілген мүлік құрылымының негізгі бөлігін ауыл шаруашылығы техникасы құрайды, оған негізінен астық жинайтын комбайндар мен тракторлар жатады, онда комбайндар үлесі 80 % құрайды.

2005 жылы республикадағы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 4 339 дана техника, соның ішінде 1 461 комбайн және 1 129 трактор сатып алды, олардың 586 және 351 данасы тиісінше «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы сатып алынды.

*Қазақстан Республикасында 2005 жылы сатып алынған, соның ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасының көлемі.*



Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүргізу жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі аграрлық секторға 146 млрд. теңге

шамасында инвестиция салды, соның ішінде 18,5 млрд. тенге «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы техникасының паркін жанартуға бөлінді.

Біздің компания ұсынып отырған лизинг шарттары, атап айтқанда, 7 жылға дейінгі мерзімге 4 %-дан бастап белгіленген сыйақы мөлшерлемесі, лизинг операцияларының көлемі бойынша Қазақстанда алдыңғы деңгейге шығуға мүмкіндік береді.

**Саланың келешектегі дамуына және эмитенттің осы саладағы жағдайына қатысты болжам.**

Қазақстан Республикасының лизинг қызметін көрсету нарығында едәуір даму әлеуеті бар. Мұндай болжам жасауға негізгі қаражаттар алуды баламалы қаржыландыру тетігі ретінде лизингке деген қажеттіліктің ұдайы өсіп отырғаны себеп болып табылады. Жуық арада бұл Үкіметтің Қазақстанның экономикалық жағынан өсуін күшейту міндетін қойғанына да байланысты болып отыр, оған қол жеткізудің ықтимал көздері ретінде шағын және орта бизнес секторы мен инвестициялардың өсуі ескерілген.

International Financial Corporation (IFC) және басқа да халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ қазақстандық ғылыми-зерттеу институттардың болжамы бойынша Қазақстанның лизинг нарығы таяудағы 3-4 жыл ішінде жыл сайын екі еселеп өсетін болады. Әртүрлі бағалаулар бойынша нарықтың жалпы көлемі 2007 жылға таман кемінде 550-770 млн. доллар болады.

Бұл еліміздің негізгі капиталына салынатын инвестициялардың 5 %-ы төңірегінде болады. Лизинг көлемдерінің өсуі лизингтік компаниялардың арасындағы бәсекені дамытуға мүмкіндік туғызады, ал бұл көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудың, сыйақы мөшерлемесін төмендетудің негізгі факторы болып табылады. Елімізде лизингтің дамуы үшін құрылған қолайлы орта бәсекенің кінәратсыз өркендеуіне, соның нәтижесінде лизингтік қызмет көрсету сапасының артуына, сыйақы ставкаларының төмендеуіне ықпалын тигізеді. Лизингтік қызмет көрсету нарығы инвесторлар үшін ғана емес, тауар өндірушілер үшін де тартымды бола бастады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның алдында тұрған басым міндет клиенттердің кең аясына қаржылық қызмет көрсетудің толық кешенін ұсынуға қабілетті ауыл шаруашылығы саласындағы стратегиялық әріптес, толыққанды ірі қаржы институтын құру тұжырымдамасын нақты іске асыруды көздейді.

Үстіміздегі 2006 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ жалпы 17,7 млрд. теңгеден астам сомаға жұмыс жобаларын іске асыруды көздеп отыр.

## 2006 жылы аграрлық секторға жоспарланып отырған инвестициялар сомасы



Компания басшылығы лизингтік қатынастар мен несиелендіру жүйесін дамытуды ойдағыдай жалғастыру мақсатында республиканың аграрлық секторындағы машина-тракторлар паркін жаңарту процесін ауыл қажеттілігінің 30-35 % -не дейін жеткізуге тырысуда.

Компанияның алдында Республиканың машина-тракторлар паркін жаңарту үшін жыл сайын қаржыландыру көлемін ұлғайту, қаржылық қызмет көрсету аясын кеңейту міндеті тұр. Бұған қоса, ауыл шаруашылығы техникасы лизингінен басқа, аграрлық сектор үшін 2005 жылдан бастап технологиялық және қайта өндейтін жабдықтардың қаржы лизингі қызметін көрсету Компанияның басым міндеті болып табылады. Бұл ретте басты назар қазіргі заманғы ресурс үнемдейтін әрі жоғары өнімді техника мен қазіргі талаптардың барлығына жауап беретін қайта өндейтін жабдықтарды сатып алуға аударылатын болады.

### 24. Нәтижесінде эмитенттің қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін, эмитент жасасқан келсім-шарттар мен келісімдер туралы мәліметтер

Нәтижесінде эмитенттің қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін, эмитент жасасқан келсім-шарттар мен келісімдер жоқ.

### 25. Құжаттың әзірленген күні мен нөмірі, қолданылу мерзімі және осы құжатты берген органның атауы көрсетілген, эмитент өз қызметін көрсету үшін алған лицензиялар, патенттер мен рұқсаттар туралы мәліметтер

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның ұлттық валютамен мынадай банк операциясын жүргізуге лицензиясы бар:

- банктің несиелендіру операциялары: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда несиелер беру. 2006 жылғы

31 наурыздағы № 16 лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі берген.

26. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істеу кезеңінде қабылданған табиғи немесе сандық өлшем бірліктерінде көрсетілген іске асырылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) көлемі.

Эмитенттің соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істеу кезеңінде іске асырылған өнімдерінің (орындаған жұмыстарының, көрсеткен қызметтерінің) көлеміндегі өзгерістердің талдауы.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның несиелер қоржыны тұрақты өсу үрдісіне ие болып отыр. Компания 2004 жылы республиканың аграрлық секторына 15 204,8 млн. теңге инвестиция салды, 2005 жылы бұл көрсеткіш 22 604,3 млн. теңгеге жетті.

Қызметтің негізгі түрі бойынша алынған табыс сомасы (несиелер мен лизинг бойынша төленген сыйақылар) 2004 жылы 619,3 млн. теңге болды, ал 2005 жылы бұл көрсеткіш 913,3 млн. теңгеге жетті.

27. Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар.

Табыстылыққа оң әсер ететін факторларға мыналар жатады:

- республиканың 12 облысында филиалдары мен өкілдіктерінің болуы;
- компанияның жоғары активтері;
- қаржы саласындағы көп жылдық оң жұмыс тәжірибесі (қаржы лизингі, ұзақ мерзімді несиелер беру);
- компанияның Қазақстанның қаржы нарығында оң беделге ие болуы);
- несиелер қоржынының өсу серпіні;
- компания клиенттері санының жыл сайын өсуі;
- жоғары біліктілікті мамандардың болуы.

Табыстылыққа теріс әсер ететін факторларға қатысты компания қызметінің пайда алуға бағдарланбағанын, ал оның мақсаты ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру және ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру арқылы қолдайтынын атап көрсету қажет.

28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстарын, көрсетілген қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

Өздеріне бүкіл жеткізілімдердің жалпы көлемінің он және одан да астам пайызы тиесілі жеткізушілердің атауы мен тұрғылықты жері, бұл ретте олардың пайыздық үлестері көрсетіледі. Бұл көздердің келешектегі қол жетімділігіне қатысты болжамдар берілуге тиіс.

Өздеріне жеткізілімдердің жалпы көлемінің он және одан да астам пайызы тиесілі болған жеткізушілер:

1. СТ АГРО ГмбХ ( Нойштадт қаласы, Германия) – 29,7%;
- 2.«IP Consult (International) Limited» (Гибралтар) – 14,5%;

3. «Ростсельмаш» ААҚ (Дондағы Ростов қаласы, РФ) – 22,14%;

4. «Агромашхолдинг» ААҚ (Мәскеу қаласы, РФ) – 16%.

Аталған жеткізушілер ҚР-да комбайндарды, тракторларды және себу кешендерін ірі жеткізушілердің бірі болып табылады. Олардың бәрінің ҚР аумағында офистері және қосалқы бөлшектер сақтау үшін қоймалары бар сервис орталықтары бар.

«Ростсельмаш» ААҚ «Вектор» комбайндарын құрастырып шығаратын бірлескен Ресей-Қазақстан өндірісін ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

«Агромашхолдинг» ААҚ Қостанай қаласындағы комбайндар қозғалтқыштарын шығаруға, комбайндар мен тракторлардың құрастырылуын жүзеге асыратын зауытқа иелік етеді.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері тарапынан аталған жеткізушілердің ауыл шаруашылығы техникасына жоғары сұраныс болып отыр.

Эмитент өнімдерін (жұмыстарды, қызметтерді) іске асырудан түскен жалпы түсімнің он және одан да асатын пайызын үлесіне келетін тұтынушылардың сатудың жалпы көлеміндегі өздерінің үлесі пайызбен көрсетілетін атаулары мен тұрғылықты жері. Эмитенттің өнімдерін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуға ықпал етуі ықтимал теріс факторлар ашылады.

Эмитент өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан да асатын пайыз үлесіне келетін лизинг алушылар жоқ.

#### **29. Эмитент қызметіне әсер ететін өзекті факторлар:**

Эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипаттағы эмитент қызметінің түрлері, және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі;

Қызметтің маусымдылығы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өз өнімдерін іске асырғаннан кейін қазан – қыркүйек айларында лизинг төлемдері көлемінің ұлғайғанынан көрінеді.

Эмитент беретін (көрсететін) шикізаттың жалпы көлеміндегі (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің негізгі түрі қаржы қызметтерін көрсету болып табылатындықтан, онда импорттың негізгі үлесін шетел капиталын тарту деңгейі бойынша бағалаған жөн. 2005 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ өз қызметін жүзеге асыру үшін 13,1 млрд. теңге, оның ішінде 8,9 млрд. теңге сомасында бюджет қаражаттарын, 3,6 млрд. теңге сомасында меншік қаражаттарын, экспорттық қаржыландыру есебінен 0,6 млрд. теңге ақша қаражаттарын тартты. Жалпы қаржы ресурстары көлеміндегі импорттың үлесі 4,58 % құрады.

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның ақша қаражаттарын тарту көлемі 11 млрд. теңге, соның ішінде бюджет қаражаттары 7 млрд. теңге, меншік қаражаттары 3,3 млрд. теңге, экспорттық



қаржыландыру есебінен 0,7 млрд. теңге құрады. Жалпы қаржы ресурстары көлеміндегі импорттың үлесі 6,36 % құрады.

**Жасалуы тиіс немесе орындалуы (тиіс) болатын мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер бұл мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтері баланстық құнының он пайызынан асса, облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде орындалатын болуы (орындалуы) тиіс;**

Сомасы эмитент активтері баланстық құнының он пайызынан асатын облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәмілелер туралы мәліметтер жоқ.

**Болашақ міндеттемелер. Негізгі болашақ міндеттемелер мен бұл міндеттемелердің эмитент қызметіне ықпал етуі ықтимал теріс әсерлер, соның ішінде өзге эмитенттер облигациялары бойынша эмитенттердің кепілдіктері, осындай эмитент туралы ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың қамтамасыз етілген кепілдіктері, кепілдіктердің шарттары, өтеу күні мен кепілдікті шығарым валютасы шарттары;**

Болашақ міндеттемелер мен олардың эмитент қызметіне тигізетін теріс әсерлері, соның ішінде үшінші тұлғалардың кепілдіктерімен қамтамасыз етілген өзге эмитенттердің облигациялары бойынша эмитент кепілдіктері жоқ.

**Эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен, нәтижелері бойынша эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі ықтимал сот процестерінің сипаттамасын, оған салынатын ақшалай және өзге де міндеттемелерді беру;**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінде орын алған барлық талап арыздар негізінен «ҚазАгроҚаржы» АҚ алдындағы лизинг алушылардың және қарыз алушылардың мерзімі өткен өтелмеген берешектерін талап етуге байланысты орын алған. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на қатысты талап арыздар өте сирек және қазіргі уақытта мұндайлар жоқ және олардың бастамашылығы туралы ақпарат та жоқ.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ талапкер ретінде көрінетін ағымдағы сот процестері мыналар:

- «Арай-2» ЖШС-не қатысты процесс;
- «Большой изюм» АҚ-на қатысты (шартты бұзу туралы мүліктік емес сипаттағы) процесс;
- «Каркула» ШҚ-на қатысты процесс болып табылады.

Бұдан басқа, «Арман» ЖШС, «Новомарковка-Агро» ЖШС, «Новомарковка-2002» ЖШС, «Сигнал» Күзет фирмасы» ЖШС субъектілеріне қатысты берешектерді, айыпақыларды өндіріп алу және қаржы лизингі шарттарын бұзу туралы талап арыздар беру жоспарланады.

**Эмитентке және оның лауазымды адамдарына мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде салған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкцияның қолданылған күнін, санкцияны қолданған органды, санкцияның себептерін, санкцияның**

түрлері мен мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу деңгейін көрсету;

2005 жылғы қаңтардан бастап 2006 жылғы тамыз айы аралығындағы кезеңде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Жамбыл облысы бойынша өкілдігі әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Атап айтқанда, 2005 жылғы 25 мамырда Тараз қаласының Мамандандырылған Әкімшілік соты №3-1-255-05 іс бойынша, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Жамбыл облысы бойынша өкілін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 414-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартуға байланысты қаулы шығарды. Қазақстан Республикасының кедендік органдарына кеден декларациясын, құжаттарды және қосымша мәліметтерді беру мерзімінің бұзылуы).

Аталған қаулымен сот «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың Жамбыл облысы бойынша өкілі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 414-бабын бұзғаны үшін кінәлі деп танып, ДСД катысушысының 20.05.2004жылғы №50400/04/000778 арнайы рұқсат – есеп карточкасының қолданылуын 1 (бір) ай мерзімге тоқтата тұрып, 20 АЕК (19 420 теңге) мөлшерінде әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

**Тәуекел факторлары. Облигациялар ұстаушыларының ұшырауы мүмкін тәуекел факторларына егжей-тегжейлі талдауды табыс ету**

### **Несие тәуекелі**

Несие тәуекелі – қарыз алушының берешекті белгіленген мерзімдерде қайтармауы нәтижесінде несие қоржыны бөлігінің шығын тәуекелі.

Лизинг, қаржы қызметінің кез келген түрі сияқты лизинг алушылар тарапынан төлем жасамау тәуекелдеріне ұшырайды.

Несие тәуекелдерін азайту мақсатында Компания бірінші кезекте әлеуетті қарыз алушылардың (лизинг алушылардың) төлемге қабілеттілігіне талдау жүргізеді. Компания әзірлеген қарыз алушылардың (лизинг алушылардың) ақшалай міндеттемелерді өтімді қамтамасыз ету, лизинг нысанын сақтандыру, қарыз алушылардың (лизинг алушылардың) акцепсіз (қосымша келісімсіз) банк шоттарынан ақшаны алуға келісімін табыс ету, шарт талаптарын орындау жөніндегі талаптарды қамтитын қаржыландыру шарттары да тәуекелдерді азайтуға есептелген. Бұдан басқа, лизинг өзінің ерекшеліктеріне байланысты лизинг нысанының өзі қамтамасыз етуші болып табылатын тәуекелдерді азайта түседі.

Компанияның негізгі төлемдерді өтеу көрсеткіштері мынадай түрде көрінеді:

- 2000 жылы – 100 %;
- 2001 жылы – 100 %;
- 2002 жылы – 100 %;
- 2003 жылы - 100 %;

2004 жылы - 100 %.  
2005 жылы - 99,6 %.

### **Валюта тәуекелі**

Осы тәуекелді барынша азайтуды эмитент лизинг пен қарыз шарттарына кіріктірілген дериватив арқылы, негізгі берешек сомасын индексациялау және қаржыландыру жүзеге асырылған валюта бағамына қатысты сыйақы түрінде жүзеге асырады.

### **Нарық тәуекелі**

Нарық тәуекелі – қызметтің негізгі түрлерінен болуы мүмкін негізгі шығындарды бағалау. Осы тәуекелді барынша азайтуды эмитент тиісті маржаны белгілеу мен қолдау; лизинг мәмілесін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды (кепілдіктер, кепілдер, Қайта сатып алу шарты) арқылы жүзеге асырады.

### **Бәсеке тәуекелі**

Лизинг қызметтерін көрсету нарығында 20 лизинг компаниясы жұмыс істейді, оның ішінде 8 компания қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің еншілес компаниялары болып табылады.

Осы тәуекелді барынша азайту – бұл әрбір клиентке жеке көзқарас, клиенттер үшін қолдануға қолайлы лизинг мәмілелерін белгілеу, эмитенттің жоғары білікті кадр құрамы.

### **Пайыздық тәуекел**

Пайыздық тәуекел негізінен шетел банктерінен шетел валютасындағы қаржы ресурстарын өзгермелі мөлшерлеме бойынша тартуға негізделген, ал орналастыру белгіленген мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады.

### **Заңнаманың өзгеру тәуекелі**

Қазақстан Республикасы өтпелі нарықтық экономикасы бар ел болып табылады, онда заңнама, соның ішінде салық базасының өзгерістері болып тұрады.

Әзірше заңнама режиміндегі өзгерістер қызметке және қаржы жағдайына, сондай-ақ эмитенттің облигациялар бойынша төлем жасау қабілетіне оң әсер етіп тұр. Қолайлы салық режимі қазақстандық лизинг компанияларына тұтастай лизинг қызметтерін пайыздық мөлшерлемелерді

азайту жолымен арзандатуға мүмкіндік берді, бұл әсіресе 2004 жылмен салыстырғанда айтарлықтай байқалды.

**Эмитенттің қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат.**

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін осы заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету мақсатында «ҚазАгроҚаржы» АҚ мыналарға:

- 2004 жылғы 28 қазанда «Ростсельмаш» ААҚ-мен Қазақстан Республикасында «Ростсельмаш» компаниясының комбайндарын құрастырып шығаратын бірлескен Қазақстан-Ресей өндірісін, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді сату алдындағы дайындықпен, кепілді және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету үшін сертификацияланған сервис орталықтары жүйелерін, түпнұсқалық қосалқы бөлшектердің республикалық қоймасын құру және дамыту туралы ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы Келісімге. «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне лизинг негізінде жабдық сатып алу мүмкіндігін бере отырып, осы Келісімді іске асыруға қатысады;

- 2005 жылғы 29 шілдеде «Агромашхолдинг» АҚ-мен лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың Қазақстан Республикасының нарығында Қостанай дизель зауыты өндіретін өнімдерді (соның ішінде астық-күріш жинайтын комбайндар мен тракторларды) өткізу, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сату алдындағы дайындықпен, кепілдікті және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсетумен, түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді жасаумен қамтамасыз ету үшін сертификатандырылған сервис орталықтары желісін жасау туралы Бас серіктестік келісімге;

- 2006 жылғы 23 қаңтарда «Корпорация Казахсельмаш» ЖШС-мен және «Казагромеркетинг» АҚ-мен өндірушінің сапалы, сертификацияландырылған ауыл шаруашылығы техникасын шығаруды жүзеге асыру және Қоғамның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен «Корпорация Казахсельмаш» ЖШС өндіретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға өтінімдер жинақтау мен талдау жөніндегі Өзара ынтымақтастық туралы меморандумға;

- 2006 жылғы 29 мамырда «Минский тракторный завод» РУП-пен Қазақстан Республикасындағы (Көкшетау қаласы) «Белорус» тракторларын құрастырып шығаруды ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойды.

## 5. Қаржы жағдайы

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің 2006 жылғы 30 маусымдағы жалпы баланстық құнының бес және одан да асатын пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

№ р/с	Материалдық емес активтердің түрлері	Баланстық құны, теңге	Үлесі (%)
1	"ORACLE" бағдарламалық өнімі	106 323 437,00	99,59%
	Материалдық емес активтердің жалпы баланстық құны	106 759 799,00	

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да асатын пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да асатын пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

№	Негізгі құралдардың түрлері	Баланстық құны, теңге	Үлесі (%)
1	3 қабатты әкімшілік ғимарат, жалпы алаңы 752,7 ш.м.	31 967 939,00	28,06%
2	Landcruiser 100 автомобилі	7 820 723,00	6,86%
	Негізгі құралдардың жалпы баланстық құны	113 936 541,00	

### 32. Инвестициялар.

Жоқ

### 33. Дебиторлық берешек.

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің құрылымы.

Бөлімше	Сомасы, теңге
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегі	16 988 186 000,00
Өзге де дебиторлық берешек	353 528 000,00
Берілген аванстар	1 718 905 000,00
Қаржы инвестициялары	9 902 804 000,00
Салық бойынша және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	306 646 000,00
Күмәнді берешектер бойынша резервтер	(782 105 000,00)
<b>Барлығы</b>	<b>28 487 964 000,00</b>

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша неғұрлым ірі дебиторлардың тізімі:

№	Атаулары	Сомасы, теңге
1	"Мал өнімдері корпорациясы" АҚ	1 799 622 000,00
2	"Ростсельмаш" ашық акционерлік қоғамы	1 289 367 000,00
3	"Май" АҚ	514 819 000,00
4	"Богви" ЖШС	424 362 000,00
5	"ЭкоПродуктГруп" АҚ	390 924 000,00
6	"Вест" ЖШС	350 282 000,00
7	"Есіл" ЖШС	324 788 000,00
8	"Партизанское-1" ЖШС	321 392 000,00
9	"Логос Трейд" ЖШС	300 095 000,00
10	"АгроСервис-Отан" ЖШС	266 667 000,00

34. Бұл тармақта эмитенттің жарғылық және меншік капиталының мөлшері көрсетіледі.

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша меншік капиталының мөлшері 22 264 568 мың теңге, жарғы капиталының мөлшері 21 825 591 мың теңгені құрады.

### 35. Несиелер.

№	Несие берген ұйымның атауы	Несие сомасы (несиевалютамен)	30.06.06-дағы берешек қалдығы (несие валютамен)
1	ҚР Қаржы министрлігі	9 052 958 543,00 теңге	6 521 184 249 теңге
2	ҚР Қаржы министрлігі	49 269 307,32 USD	8 027 684,66 USD
3	"Қазақстан Эксимбанкi" ААҚ	5 544 208,52 USD	4 507 055,58 USD
4	Bankgesellschaft AG	1 776 364,90 EUR	1 421 539,88 EUR
5	Ra-Bobank	1 610 745,75 USD	1 610 745,75 USD
6	Natexis Banques Populaires	2 528 001,82 EUR	2 528 001,82 EUR
7	АБН Амро Банк	6 092 076,00 USD	5 482 868,40 USD
8	"Казкоммерцбанк" АҚ	480 250,00 USD	480 250,00 USD

36. Эмитенттің негізгі қызметті жүзеге асыруына (беруші алдындағы берешек, алынған аванстар) кредиторлық берешегі.

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кредиторлық берешек құрылымы.

Бөлімше	Сомасы, теңге
Бюджетпен есеп айырысулар	11 905 000,00
Кейінге қалдырылған салықтар	361 878 000,00
Алынған аванстар	469 034 000,00
Берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар	136 496 000,00
Өзге де кредиторлық берешек	209 700 000,00
<b>Барлығы</b>	<b>1 189 012 000,00</b>

2006 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша неғұрлым ірі  
несиегерлердің тізімі

	Атаулары	Сомасы, теңге
1	ҚР Қаржы министрлігі (алынған несиелер бойынша сыйақы бойынша берешек)	130 834 000,00
2	GENC DEGIRMEN MAKINALARI SANAYI ve TICNA	57 001 000,00
3	Ел-Инвест АҚ Агрохолдингі	55 933 000,00
4	"Агросиблизинг" Лизинг компаниясы» ЖАҚ	25 719 000,00
5	"Жұма" ШҚ	25 619 000,00
6	"Возрождение АС" ЖШС	21 032 000,00
7	Есіл май жасау комбинаты ЖШС	19 207 000,00
8	ПМЗ ААҚ бірлестігі	17 470 000,00
9	AGROTEC GmbH KG (Much, Germany)	15 802 000,00
10	"Шағырай" ШҚ	15 075 000,00

6. Бағалы қағаздар шығару туралы мәліметтер

37. 1) «ҚазАгроҚаржы» АҚ облигацияларын шығару алғаш рет жүзеге асырылатын болады;

2) «ҚазАгроҚаржы» ЖАҚ акцияларының алғашқы эмиссиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық Комиссиясы 2000 жылғы 10 мамырдың бағалы қағаздары бойынша тіркеп, А4159 нөмірімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізді.

«ҚазАгроҚаржы» ЖАҚ акцияларының екінші эмиссиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2003 жылғы 20 мамырда тіркеп, А4159-1 нөмірімен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларының эмиссиясының үшінші шығарылуын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2004 жылғы 10 қыркүйекте тіркеп, А-4159 нөмірімен Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы мемлекеттік тізіліміне енгізді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларының эмиссиясының төртінші шығарылуын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдары реттеу мен қадағалау агенттігі 2005 жылғы 11 шілдеде тіркеп, № А-4159-бен Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акцияларының бесінші эмиссиясының шығарылуын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тіркеді, Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік А-4159 30.05.2006ж.

3) «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері болған жоқ;

4) «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның бағалы қағаздарды шығарулары тоқтатыла тұрмаған немесе өткізілмеген не күші жойылған деп есептелмеген;

5) 2004 жылы бір жай акцияға дивидендтің мөлшері 10,46 теңге құрады. Есептелген және төленген дивидендтің жалпы сомасы 61 462 500 теңгені құрады;

2005 жылы бір жай акцияға дивидендтің мөлшері 10,77 теңге құрады. Есептелген және төленген дивидендтің жалпы сомасы 159 714 000 теңгені құрады.

6) ұйымдастырылған нарықтарда акцияларды іске асыру жүзеге асырылған жоқ.

7) «ҚазАгроҚаржы» АҚ акциялары пакеттерінің 100 %-ын 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және «ҚазАгроҚаржы» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы үшін Жарғымен қарастырылған барлық құқықтар қоғамның жалғыз акционеріне беріледі.

## 8. Қосымша ақпарат

**41-1. Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін болатын оқиғалар және облигацияларды ұстаушылардың қандай жағдайларда облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар;**

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау кезінде облигацияларды ұстаушылар құқықтарын қорғау рәсімі.

Дефолт туындаған жағдайда эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілік көтереді.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент дефолтты болдырған себептерді жою және облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерді жұмылдырады.

**42. Облигациялар айналысындағы шектеулер.**

Облигацияларды орналастыруда шектеулер жоқ.

**43. Эмитенттің облигацияларды шығаруға шығындарының сомасы және бұл шығындарды қалай төлеуге болатыны туралы мәліметтер.**

Эмитенттің қаржы консультантының қызметтері үшін шығындары 780 000 теңгені, андеррайтерге - 2 000 000 теңгені, маркет-мейкер қызметтері үшін 20 000 теңгені құрайды. («ҚазАгроҚаржы» АҚ пен «RG Securities» АҚ арасында 2006 жылғы 20 қыркүйекте жасалған Маркет-мейкер функцияларын орындауға шарт және андеррайтинг туралы шарт)

Жоғарыда аталған қызметтерге төлем жасау эмитенттің өз айналымындағы қаражаттары есебінен жүзеге асырылатын болады.

**44. Инвесторлардың эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялардың шығарылу проспектімен, эмитент қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарында облигациялардың орналастырылу қорытындылары туралы есеппен таныса алатын орындары туралы ақпарат.**



Барлық мүдделі адамдар жарғының көшірмесімен, облигациялардың шығарылу проспектімен (облигациялық бағдарламамен), облигациялардың орналастырылу қорытындылары туралы есеппен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның ресми сайтында: [www.kaf.kz](http://www.kaf.kz) немесе мына мекенжай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 9 Май көшесі 71а, вп-1.

Басқарма төрағасының  
міндетін атқарушы



Е.Толкымбеков

Бас бухгалтер

Г.Шоданова

*(Handwritten signatures in blue ink)*